

**«Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында берілетін жыл сайынғы «Жан Шуақ» қоғамдық сыйлығын табыстау рәсімі туралы
ЕРЕЖЕ**

Өткізу күні мен орны: 2025 жылы 27 қараша, Астана қаласы.

Ұйымдастырушылар: «AMANAT» партиясының қолдауымен
«Қазақстан мүгедектер конфедерациясы» РҚБ.

Мақсаты:

Мүмкіндігі шектеулі адамдардың мәселелеріне қоғам назарын аударып, олардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар және қоғам өкілдерінің бірлескен іс-қимылдарын үйлестіру.

Міндеттері:

- мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғам өміріне белсене араласуына жағдай жасау және оларға жан-жақты қолдау көрсету;
- ерекше қабілеттері бар адамдарды тауып, олардың әртүрлі саладағы кәсіби біліктілігін дамытуға мүмкіндік беру;
- мүмкіндігі шектеулі адамдардың шетелдік ұйымдармен және мамандармен байланысын нығайтып, олардың тәжірибе алмасуына, әсіресе оңалту мен әлеуметтік бейімделу бағытында бірлесіп жұмыс істеуіне жағдай жасау;
- қоғамда мүмкіндігі шектеулі жандарға құрметпен қарау мәдениетін қалыптастырып, олар туралы қалыптасқан теріс көзқарастар мен стереотиптерді жоюға ықпал ету;
- мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық және еріктілер ұйымдарының, сондай-ақ бизнес өкілдерінің күш-жігерін біріктіре отырып, мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамға толыққанды араласуына кедергі болып отырған немесе кедергі келтіруі мүмкін барлық физикалық және ақпараттық-коммуникациялық тосқауылдарды жоюға бағытталған бірлескен жұмыс жүргізу.

Қатысушылар:

Бұл сыйлыққа үміткер ретінде қатысуға құқылы адамдар:

- I, II, III топтағы мүгедектігі бар, 18 жастан асқан жеке тұлғалар;
- қоғамдық-мәдени өмірге белсене қатысып жүрген мүмкіндігі шектеулі адамдардан құралған шығармашылық ұжымдар.

Премияға қатысуға үміткерлерді мемлекеттік, халықаралық және қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары немесе қатысушылардың өздері ұсына алады. Үміткерлерді таңдау процесі ашық байқау түрінде жүргізіледі.

Үміткерлер мен жеңімпаздарды іріктеу тетігі

Премияны тиімді ұйымдастыру және өткізу мақсатында келесі құрылымдар жасақталады:

- Ұйымдастыру кеңесі;
- Қоғамдық кеңес.

Қоғамдық кеңес құрамына «Қазақстан мүгедектер конфедерациясы» РҚБ мен «АМАНАТ» партиясының өкілдері, үкіметтік емес және коммерциялық ұйым мүшелері, сондай-ақ елге танымал қоғам, мемлекет және саясат қайраткерлері енгізіледі.

Әр номинация бойынша үміткерлердің ішінен бір жеңімпазды анықтау міндеті Қоғамдық кеңеске жүктеледі.

Жеңімпаздарды анықтау шешімі Қоғамдық кеңес мүшелерінің көпшілік даусы арқылы қабылданады.

Жеңімпаздарды анықтау кезінде мынадай өлшемдер ескеріледі:

- Үміткердің ұсынылған номинация талаптарына сай болуы;
- Қатысушының кәсіби жетістігін дәлелдейтін құжаттар, марапаттар және қосымша материалдардың (фото, бейне, аудио) болуы;
- Тапсыратын құжаттар топтамасының толық әрі дұрыс болуы.

Жеңімпаздар төмендегі номинациялар бойынша анықталып, жарияланатын болады:

➤ «Спорттағы айрықша жетістіктері үшін»

Бұл номинация спорт саласында табысқа жетіп, Паралимпиада ойындарында, арбамен билеу және басқа да спорт түрлерінде жоғары нәтижелер көрсеткен мүмкіндігі шектеулі адамдарға беріледі.

➤ «Игілік жолындағы ерен еңбегі үшін»

Бұл номинация еңбек жолында ерекше табандылық көрсетіп, өз саласында жоғары кәсіби біліктілігімен танылған мүмкіндігі шектеулі адамдарға табысталады.

➤ «Мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген қоғамдық көзқарасты жақсартуға сүбелі үлес қосқаны үшін»

Бұл номинация қоғамда мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген көзқарасты жақсартуға, олардың басқа азаматтармен тең құқықта қоғамдық өмірге қатысуына жағдай жасап, олардың рөлін көтеруге елеулі үлес қосқан жандарға арналған.

➤ «Мызғымас рухы мен табысқа жетуге деген ерік-жігері үшін»

Бұл номинация өмірге деген белсенді көзқарасы мен табандылығының арқасында түрлі салада үлкен жетістікке жетіп, өз өнегесі арқылы өзгелерді

белсенді әрі жігерлі болуға шабыттандырып жүрген мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған.

➤ **«Мәдениет саласындағы ерекше жетістіктері үшін»**

Бұл номинация мәдениеттің түрлі бағыттарында табысқа жеткен мүмкіндігі шектеулі адамдарға беріледі.

➤ **«Ғылым мен білім саласының дамуына қосқан сүбелі үлесі үшін»**

Бұл сыйлық елдегі ғылым мен білім саласын дамытуға елеулі үлес қосқан мүмкіндігі шектеулі адамдарға беріледі.

➤ **«Өнер саласындағы ерекше жетістіктері үшін»**

Бұл сыйлық өнер мен шығармашылық саласында елеулі табысқа жетіп, өзінің жетістігімен өзгелерге үлгі көрсеткен мүмкіндігі шектеулі жандарға беріледі.

Премияның өткізілу тәсілі мен өтетін орны:

Іріктеу кезеңі және қортынды шара Астана қаласында өтеді.

Қатысуға өтінімдер 2025 жылғы **15 қыркүйектен** бастап қабылданады.

Өтінімдерді қабылдау 2025 жылғы **15 қазанға** дейін жалғасады.

Жеңімпаздар 2025 жылғы **28 қазанда** анықталады.

Жеңімпаздарды марапаттау салтанатты кеші— 2025 жылғы **27 қараша**, Астана қаласында өтеді.

Өтінімдерді беру тәртібі:

«Жан Шуақ» республикалық жыл сайынғы сыйлығына өтінімнің бір данасы келесі тәсілдердің бірін пайдаланып ұсынылады: **e-mail арқылы: zhan.shuaq@mail.ru** немесе **жекелей барып тапсыру** арқылы: Қазақстан Республикасы, **Астана қаласы, ZOOP6K8, Абылай хан даңғылы, 43/1 үй** (*үйдің шеткі кіреберісі, автотұрақ орналасқан жерде, мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған көтергіш құрылғы бар*).

Қосымша сұрақтар бойынша байланыс: **8 701 555 74 07** (*тек жұмыс уақытында!*).

Өтінімді жолдамас бұрын осы **Ережемен мұқият танысу қажет.**

«Жан Шуақ» сыйлығына қатысуға ұсынылатын құжаттар тізімі:

1). Сауалнама (қоса берілген нысан бойынша).

2). Үміткердің **қысқаша өмірбаяны** немесе автобиографиясы, онда оның белгілі бір саладағы немесе **қызметтегі жетістіктері** көрсетілуі қажет (көлемі – 2 беттен аспауы тиіс).

3). Үміткердің қатысуымен өткен әлеуметтік, мәдени, қоғамдық және спорттық шаралардағы фотосуреттері (5–7 дана дейін).

4). Алғыс хаттар, дипломдар, грамоталар (10 данадан аспауы тиіс).

Тыйым салынады:

- 1) фото, бейне, мақалаларға сілтемелерді пайдалануға;
- 2) мұрағатталған папкаларды жіберуге тыйым салынады.

Күтілетін нәтиже:

- Мүмкіндігі шектеулі жандардың әртүрлі салалардағы жетістіктерін таныстыру.
- Оларды шығармашылық және басқа да қабілеттерін жетілдіру үшін белсенді қоғамдық өмірге тарту.

Ақпараттық қолдау:

Республикалық және өңірлік БАҚ, «AMANAT MEDIA GROUP» ЖШС-ның құрылымдық бөлімшелері.

Ескерту:

- Қоғамдық кеңесте дауыс беру және жеңімпаздарды анықтау қорытындысы бойынша ұйымдастырушылар тек жеңімпаздармен хабарласады!
- «Қазақстан мүгедектер конфедерациясы» РҚБ-ның ресми өкілі – Түребаева Анар.
- **Айырықша назар аудару:** шара қайырымдылық мақсатында өткізіледі, ұйымдастырушылар ешқандай ақша жинамайды!

**Положение о церемонии
вручения ежегодной общественной премии «Жан Шуақ»
в рамках партийного проекта «Кедергісіз келешек».**

Дата и место проведения: 27.11.2025 г., г. Астана.

Организаторы: РОО «Казахстанская конфедерация инвалидов» при поддержке партии «АМАНАТ».

Цель:

Обратить внимание общества на вопросы людей с инвалидностью, координация действий госорганов, НПО, общественности, направленных на повышение качества жизни людей с инвалидностью.

Задачи:

привлечение и активная помощь в интеграции людей с инвалидностью в общество;

выявление новых талантов, содействие совершенствованию профессионального мастерства лиц с инвалидностью в различных сферах деятельности;

расширение международных контактов и связей лиц с инвалидностью, в том числе для обмена опытом в вопросах реабилитации и социальной адаптации;

формирование в обществе уважительного отношения к людям с инвалидностью и преодолению негативных стереотипов;

консолидация усилий государственных органов, НПО, общественных, волонтерских организаций и коммерческих структур в вопросах устранения любых физических, информационно-коммуникационных барьеров, которые могут или препятствуют интеграции людей с инвалидностью в общество.

Участники:

Участниками премии могут стать:

- физические лица старше 18 лет, имеющие инвалидность I, II, III группы;

- коллективы, состоящие из числа людей с инвалидностью, активно участвующие в общественно-культурной жизни.

Выдвижение работ на соискание Премии осуществляют государственные, международные, общественные организации, СМИ и сами участники. Отбор кандидатов на соискание премии осуществляется на конкурсной основе.

Механизм отбора соискателей и лауреатов

Для организации и проведения Премии создаются:

- Организационный совет;
- Общественный совет.

Общественный совет формируется из представителей РОО «Казахстанская Конфедерация инвалидов», партии «АМАНАТ», неправительственных и коммерческих организаций, а также видных общественных, государственных и политических деятелей.

Общественный совет – орган, призванный отобрать из числа претендентов по одному лауреату в каждой номинации.

Решение принимается простым большинством голосов членов Общественного совета.

Критерии отбора победителей:

1. Соответствие номинации;
2. Документы, награды и другие материалы, в том числе фото, видео и аудиоматериалы, подтверждающие профессиональное мастерство участника;
3. Полнота предоставленных документов.

Победители будут объявлены в следующих номинациях:

➤ **«За выдающиеся достижения в области спорта».**

Данная номинация для лиц с инвалидностью, достигших высоких результатов в спорте, в том числе паралимпийских играх, танцах на колясках.

➤ **«Труд во благо».**

Данная номинация для людей с инвалидностью, проявившим выдающиеся профессиональные качества и настойчивость в сфере рабочих профессий.

➤ **«За вклад в позитивное изменение общественного сознания по отношению к людям с инвалидностью».**

Данная номинация для лица из числа людей с инвалидностью, внесшим вклад в изменение общественного сознания по отношению к людям с инвалидностью, сыгравших особую роль в повышении их роли и участия в общественной жизни наравне с другими гражданами РК.

➤ **«За силу духа и стремление к победе»**

Данная номинация для людей с инвалидностью, которые благодаря целеустремленности, силе воли и духа достигли высоких результатов в различных сферах деятельности и своим примером мотивируют других на активную жизнь.

➤ **«За выдающиеся достижения в области культуры»**

Данная номинация присуждается людям с инвалидностью, достигшим успехов в различных областях культуры.

➤ **«За вклад в развитие науки, образовательной деятельности»**

Данная премия присуждается людям с инвалидностью, внесшим вклад в развитие науки и образования в стране.

➤ **«За выдающиеся достижения в области искусства»**

Данная премия присуждается людям с инвалидностью, достигшим успехов в творческой деятельности, искусстве.

Формат и место проведения Премии:

Отбор и мероприятие проходит в г. Астана.

Дата начала приема заявок – с 15 сентября 2025 года.

Окончание приема заявок – 15 октября 2025 года.

Определение победителей – 28 октября 2025 года.

Торжественная церемония награждения победителей – 27 ноября, г. Астана.

Процедура подачи заявок:

Форма заявки на соискание Ежегодной республиканской Премии «Жан Шуақ» направляется в одном экземпляре почтой по e-mail: zhan.shuaq@mail.ru **ИЛИ** доставляется лично по адресу: Республика Казахстан, ZООР6K8 г. Астана, пр. Абылай-Хана, д. 43/1 (вход с торца дома, где расположена парковка и имеется подъемник для лиц с инвалидностью).

По имеющимся вопросам обращаться: тел. 8 701 555 74 07 (только в рабочее время!) Предварительно необходимо тщательно изучить данное Положение!

Пакет документов для участия в премии «Жан Шуақ»:

- 1). Анкета (по форме из Приложения).
- 2). Краткая автобиография/биография номинанта, в которой излагаются его достижения в той или иной области или сфере деятельности (объем – не более 2-х стр.)
- 3). Фотографии с мероприятий социально-культурного, общественного и спортивного характера с участием номинанта (до 5-7 шт.)
- 4). Благодарственные письма, дипломы, грамоты (не более 10 шт).

Запрещается:

- 1) Использовать ссылки на фото, видео, статьи;
- 2) Запрещается присылать архивированные папки.

Ожидаемый результат.

- Демонстрация достижений людей с инвалидностью в различных сферах деятельности.

- Вовлечение людей с инвалидностью в активную общественную жизнь с целью развития и совершенствования творческих и иных способностей.

Информационное сопровождение.

Республиканские и региональные СМИ, структурные подразделения ТОО «AMANAT MEDIA GROUP».

Внимание:

- по итогам голосования и определения победителей на заседании Общественного Совета организаторы связываются только с победителями!
- официальным представителем РОО «Казахстанская конфедерация инвалидов» является Туребаева Анар.
- обращаем особое внимание: мероприятие благотворительное и организаторы не ведут сбор средств!

Жыл сайынғы «Жан Шуақ» қоғамдық сыйлығын алуға жеке тұлғаларға арналған сауалнама

1. Тегі, аты, әкесінің аты _____

2. Номинацияны көрсетіңіз _____

3. Туған күні, айы, жылы _____

4. Туған жері _____

5. Білімі _____

6. Жұмыс орны _____

7. Лауазымы _____

8. Қызметтік телефон _____

9. Ұялы телефон _____

10. Үй телефоны _____

11. Электрондық пошта (e-mail) _____

12. Облыс, қала, ауыл _____

13. Пошта мекенжайы (индексі, көшесі, үйі, пәтері) _____

14. Аурудың диагнозы _____

15. Мүгедектік тобы және сипаты _____

16. Қозғалу кезінде арбамен және балдақпен пайдалану қажеттілігі _____

17. Ауруыңызға байланысты техникалық қызмет көрсету және тамақтану ерекшеліктеріңіз _____

Сондай-ақ, өзіңіз туралы және хоббиіңіз туралы толығырақ жазуды сұраймыз.

Күні _____ Өтініш берушінің қолы _____

Жыл сайынғы «Жан Шуақ» қоғамдық сыйлығын алуға ұжымға арналған сауалнама

1. Ұжымның толық атауы _____

2. Қызмет саласы _____

3. Номинацияны көрсетіңіз (біреуден артық емес) _____

4. Облыс, қала, ауыл _____

5. Заңды мекенжайы (индекс, көше, үй, пәтер/кеңсе) _____

6. Басшысы _____

7. Қызметтік телефон _____

8. Ұялы телефон _____

9. Үй телефоны _____

10. Электрондық пошта (e-mail) _____

11. Аурудың диагнозы _____

12. Мүгедектік тобы және сипаты _____

13. Қозғалу кезінде арбамен және балдақпен пайдалану қажеттілігі _____

14. Ауруыңызға байланысты техникалық қызмет көрсету және тамақтану ерекшеліктеріңіз _____

15. Конкурсқа уәкілетті және жауапты тұлға _____

Сондай-ақ, өзіңіз туралы және хоббиіңіз туралы толығырақ жазуды сұраймыз.

Күні _____ Өтініш берушінің қолы _____

Анкета для физических лиц на соискание Ежегодной Общественной Премии «Жан Шуақ»

1. Ф.И.О. _____

2. Укажите номинацию _____

3. Число, месяц, год рождения _____

4. Место рождения _____

5. Образование _____

6. Место работы _____

7. Должность _____

8. Служебный телефон _____

9. Мобильный телефон _____

10. Домашний телефон _____

11. Электронная почта (e-mail) _____

12. Область, город, село _____

13. Почтовый адрес (индекс, улица, дом, квартира) _____

14. Диагноз заболевания _____

15. Группа и характер инвалидности _____

16. Необходимость использования Вами при передвижении коляски и костылей _____

17. Особенности Вашего обслуживания и питания, связанные с заболеванием _____

Также просим вас более подробно написать о себе и о своих увлечениях.

Дата _____ Подпись заявителя _____

Анкета для коллектива на соискание Ежегодной Общественной премии «Жан Шуақ»

1. Полное название коллектива _____
2. Сфера деятельности _____
3. Укажите номинацию (не более одного) _____
4. Область, город, село _____
5. Юридический адрес (индекс, улица, дом, квартира/офис) _____
6. Руководитель _____
8. Служебный телефон _____
9. Мобильный телефон _____
10. Домашний телефон _____
11. Электронная почта (e-mail) _____
12. Диагноз заболевания _____
13. Группа и характер инвалидности _____
14. Необходимость использования Вами при передвижении коляски и костылей _____
15. Особенности Вашего обслуживания и питания, связанные с заболеванием _____
17. Лицо, уполномоченное и ответственное за конкурс _____

Также просим вас более подробно написать о себе и о своих увлечениях.

Дата _____ Подпись заявителя _____